

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 592 және "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы" 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 наурыздағы № 129 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функциялары:

мынадай мазмұндағы 39-1) және 39-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"39-1) кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесін бекіту;

39-2) кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту;"

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы № 592 қаулысы;

2) "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 қаулысы.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК